В первые годы учёные создавали программы, способные решать математические задачи и играть в шахматы. Однако возможности компьютеров того времени были ограничены, поэтому развитие ИИ происходило медленно. Существенный прогресс начался в XXI веке благодаря развитию вычислительной техники, появлению мощных компьютеров и увеличению объёмов данных. Современные технологии машинного обучения и нейронных сетей позволили создавать системы, способные распознавать изображения, понимать речь и даже генерировать тексты. Сегодня крупнейшие технологические компании активно инвестируют в развитие искусственного интеллекта, поскольку ИИ становится важной частью цифровой экономики.

Применение искусственного интеллекта

Искусственный интеллект используется практически во всех сферах деятельности человека.

ИИ в образовании

В образовательной сфере ИИ помогает автоматизировать обучение и делать его более индивидуальным. Современные платформы способны анализировать успеваемость студентов, подбирать задания в зависимости от уровня знаний и помогать преподавателям проверять работы.

Также ИИ используется для создания виртуальных помощников, онлайн-курсов и интерактивных систем обучения. Благодаря этому процесс получения знаний становится более доступным и удобным.

ИИ в медицине

В медицине искусственный интеллект помогает врачам диагностировать заболевания, анализировать медицинские изображения и прогнозировать развитие болезней. Например, современные системы способны обнаруживать признаки заболеваний на ранних стадиях с высокой точностью.

Кроме того, ИИ применяется при разработке новых лекарств, управлении медицинскими данными и проведении операций с использованием роботизированных систем.

ИИ в бизнесе

Компании используют искусственный интеллект для анализа данных, автоматизации работы и повышения качества обслуживания клиентов. Чат-боты помогают отвечать на вопросы пользователей, а системы аналитики прогнозируют спрос на товары и услуги.

ИИ также активно применяется в банковской сфере для обнаружения мошеннических операций и оценки кредитных рисков.

ИИ в повседневной жизни

Многие люди ежедневно используют технологии искусственного интеллекта, даже не замечая этого. Навигаторы строят оптимальные маршруты, социальные сети предлагают интересный контент, а онлайн-магазины рекомендуют товары на основе предпочтений пользователей.

Голосовые помощники помогают управлять устройствами, искать информацию и выполнять различные задачи с помощью голосовых команд.

Преимущества и недостатки искусственного интеллекта

Использование ИИ имеет множество преимуществ. Во-первых, искусственный интеллект способен быстро обрабатывать большие объёмы информации. Во-вторых, он помогает автоматизировать рутинную работу и снижать вероятность ошибок. Кроме того, ИИ повышает производительность труда и способствует развитию новых технологий.

Однако существуют и недостатки. Одной из главных проблем является возможное сокращение рабочих мест из-за автоматизации процессов. Также важными остаются вопросы безопасности данных и контроля над интеллектуальными системами.

Некоторые специалисты считают, что чрезмерная зависимость от технологий может привести к снижению роли человека в различных сферах деятельности. Поэтому развитие ИИ должно сопровождаться соблюдением этических норм и правил безопасности.

Будущее искусственного интеллекта

Эксперты считают, что в ближайшие годы искусственный интеллект будет развиваться ещё быстрее. Ожидается появление новых интеллектуальных систем, которые смогут выполнять более сложные задачи и взаимодействовать с человеком на высоком уровне.

ИИ будет активно использоваться в умных городах, автономном транспорте, науке и промышленности. Большое внимание уделяется развитию этического и безопасного искусственного интеллекта, который будет приносить пользу обществу.

В будущем искусственный интеллект может стать неотъемлемой частью практически всех сфер человеческой деятельности. Однако вместе с развитием технологий важно сохранять баланс между автоматизацией и ролью человека в обществе.

Искусственный интеллект является одной из важнейших технологий современности. Он оказывает большое влияние на развитие общества, экономики и науки. Благодаря своим возможностям ИИ помогает решать сложные задачи, автоматизировать процессы и улучшать качество жизни людей.

Несмотря на существующие риски и проблемы, искусственный интеллект открывает большие перспективы для будущего. Правильное и ответственное использование ИИ позволит обществу эффективно применять современные технологии во благо человека.

ОРЫСХАНҰЛЫ БЕКБОЛАТ,

Қоянды мектеп-лицейі тарих пәнінің мұғалімі, магистр

**АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНА АЙНАЛҒАН
АЛҒАШҚЫ ОҚУЛЫҚТАР**

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының отаршыл саясаты Қазақ халқының тәуелсіз мемлекет құру идеясын орындалмас қиялға айналдыруға бар күш-жігерін жұмсады. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Сырым Датов, Кенесары Қасымов және басқалар бастаған көтерілістер қазақтың ұлттық рухын орнықтыруға, ортақ жау - Ресей патшалығына қарсы күресте қазақтардың барлық күшін біріктіруге талпынған әрекеттер еді», - деп көрсетуі тарихи ақиқатқа негізделген[1]. XX ғасырдың басы қазақ тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі. Бұл кезең көне Түрік дәуіріндегі «мәңгі ел», Алтын Орда, Қазақ хандығы дәуірінен кейінгі ұлттық сананың көтерілген кезеңі болды.

Отарлау саясаты жазалау шараларынан бастап, түрлі құйтұрқы заңдар арқылы қазақтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін іс-әрекеттерге дейін барып, ұлттық мемлекеттілік институтының кез келген көрінісін жоюға тырысты.

Патшалық Ресей қазақтың кең жазира даласын мемлекет меншігі деп жариялап, «пайдаланылмайтын бос жер» деген желеумен озбырлықпен тартып алып, қоныс аударушыларға бөліп беру орын алды. Әлеуметтік-саяси жағынан алғанда, бұл кезең патшалық Ресей империясының қазақ даласындағы отарлау саясатының күшеюімен ерекшеленді. Кез келген әрекет өзінің қарсы әрекетін туғазатын табиғат заңдылығы бұл жерде де өзінің айнымастығын дәлелдеді. Отарлау саясаты өрістеген сайын, қазақ халқының ұлт азаттық күресі, ұлттық мемлекеттілік құру идеясы да құрыштай шыңдалып, дами берді. Самодержавиеге, отаршылдыққа, жергілікті шенеуніктердің озбырлығына қарсы халық наразылығы өршіді. Осылайша, қазақтардың жаңаша саяси санасы қалыптаса бастады. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы дін тазалығын, тіл тазалығын қорғаудан, оқу-ағарту, ұлттық салт-дәстүрлерді қолдаудан басталып, біртіндеп жер дауы, ел дауына ұласты[2]. Яғни, академик М. Қозыбаев көрсеткендей, «Алаштың ұлт азаттық қозғалысы идеологиясының өзегі – отаршылдық наразылық, отаршылдыққа қарсы ұлтшылдық. Олар заңмен шектелген праволық қоғам, конституцияда анықталған кейбір саяси бостандықтар, ғылым мен мәдени даму көлемінде күресіп бақты»[3].

Біздің қарастырғалы отырған тақырыбымыз басында атап өткен хронологиялық ауқымда болмақ. Алаштың зиялы қауымы қазақ халқының қамын ойлап, елді өркениет көшінен қалдырмау жолдарын іздеді. Оның бірден-бір жолы ғылым-білім мен мәдениетті игеру екендігін халыққа насихаттаған зиялылардың алдыңғы қатарында Алаш зиялылары жүрді. Олар жан-жақты қоғамдық-саяси қызметтер атқара отырып, әмбебап маман ретінде де елге танылды. Оқу-ағарту мен ғылыми-зерттеуді, қазақ тілінде тұңғыш газет-журнал шығару мен әдеби шығармашылықты қатар алып жүрді. Бұл XX ғасырдың басындағы қазақ даласында саяси ғана емес рухани белсенділіктің қызған тұсы еді.

Алаш қозғалысының тарихы мен мақсат-мұратын терең зерттеген ғалым М. Қойгелді былай деп жазады: «Алаш қозғалысының басты мақсаты – қазақ еліне өзін-өзі басқару мүмкіндігін беретін мемлекеттік жүйе құру, яғни оның ұлттық мемлекеттікке құқы бар екендігін метрополияға мойындату, ал түбінде дербес мемлекеттікке қол жеткізу, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударушылар толқынын тоқтату, әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып қазақ қоғамын жаңа өмір сұранысына сай өзгерту (модернизация), демократиялық принциптерді қадір тұтумен бір мезгілде, әсіресе, білім мен ұлттық мәдениеттің өркен жаюына жол ашу болды» [4]. *Иә Алаш зиялылары білім мен ұлттық мәдениеттің өркен жаюына жол ашатын бірден бір жол оқытуды ұйымдастыру мен оқулықтар жазу екенін түсінді һәм сол жолда аянбай еңбек етті.*

Қазақ зиялыларының 20-шы жылдардағы оқу-ағарту саласындағы қызметі қым-қиғаш тартыс, «идеялық күрес» жағдайында өтті. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында алаш қозғалысының зиялылары басымдылық жағдайда болғаны белгілі[5]. Ол туралы алаш қозғалысын зерттеушілердің бірі Хасен Оралтай Түркияда жарық көрген «Алаш-Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны» атты еңбегінде: «Алашшылар, яғни, қазақ түріктерінен шыққан ұлтшыл азаматтар, өлкедегі маңызды қызмет орындарын өз қолдарына алып, ұлттық мақсаттары – түрік елінің тәуелсіздігі жолында адам шамасынан асатын күш-қайрат жұмсады. Мәселен, 1920 жылы қазан айында Орынборда өткен ҚазКСР кеңестерінің құрылтайына қатынасқан 700 делегаттың көбі Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханұлы мен Ахмет Байтұрсынұлының жақтастары болды» [6], – деп жазады. Бірақ, билік большевиктер партиясы мен оның құрған өкіметі – пролетариат диктатурасының қолында еді. Мұндай жағдайда ұлт зиялыларының алдымен ден қойып, қызмет еткен саласы – оқу-ағарту ісі болды. Олар бұл бағытта жаңа оқулықтар, оқу құралдарын дайындауды, саяси және көркем әдебиеттерді басып шығару істерін қолға алды. Мәселен, Қазақстанның мемлекеттік баспасы жанынан Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің шешімімен, 1920 жылы желтоқсанда құрылған оқулықтар мен саяси және көркем әдебиеттер шығару редакциялық алқасына А. Байтұрсынұлов, Ә. Бөкейханов, Хайретдин Болғанбаев, Жүсіпбек Аймауытов сияқты Алаш қайраткерлері мен Смағұл Сәдуақасов кірген[7]. Оқу-ағарту және ғылыми жұмыстардың ұйымдастырушысы болған алғашқы ғылыми мекеме – 1921 жылы халық ағарту комиссариатының жанынан құрылған Академиялық Орталық болды. Қазақ АССР-інде құрылған мұндай орталықтың жетекшісі А. Байтұрсынұлов болса, Түркістан АССР-інің Академиялық орталығын Х. Досмұхамедов басқарды. Осы орталықтың тапсыруымен қазақ зиялылары мектептер және басқа оқу орындары үшін оқулықтар мен оқу құралдарын жазып шықты. Мәселен, А. Байтұрсынұловтың өзі бірнеше рет басылып шыққан «Тіл құралының» авторы болды, М. Жұмабаев «Педагогика», Ж. Аймауытов «Психология», Қ. Сәтбаев «Алгебра», Х. Досмұхамедов «Табиғаттану», «Зоология» М. Дулатов «Арифметика» т. б. оқулықтарын жазған.

Қалай болғанда да, 20-шы жылдары ұлттық интеллигенция оқу-ағарту ісінде, әдебиет пен ғылымда шешуші рөл атқарғаны анық. Бір ғана мысал, 1922 жылы Орынборда ашылған қазақтың халық ағарту институтында сол кездегі ұлттың білімді азаматтары Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Елдес Омаров, Телжан Шонанов, Молдағали Жолдыбаев, Жұмабай Оразалин және басқалары сабақ берген. Қарт жазушы Ғалым Ахмедов осы институт туралы: «Ахаң әдебиет теориясынан, Мұхтар (Мурзин) математикадан, Елдес физикадан, Міржақып жағрафиядан, Жүсіпбек педагогикадан, Телжан мен Жұмабай қазақ тілінен, Молдағали саяси сабақтан лекция оқыды. Сонда, Елдес физика, Міржақып есеп оқулықтарын жазды. Москвада шығып тұрған «Жизнь национальностей» журналының 1923 жылғы екінші нөмірінде 1922 жылы Орынборда Мағжанның «Педагогика» оқулығы басылып шыққаны туралы хабар бар», – деп жазады[5].

Осы орайда Қ. Кемеңгерұлы өзінің мақаласында қазақ ағартушыларымен алаш зиялыларының оқулық жазу тарихнамасына тоқтала келіп: «Алаш қозғалысының қазақ ұлтын оятып, ағарту мақсатында істеген жемісінің ішінде ұлт білімпаздарының жазған оқулықтары мен оқу құралдарын ерекше атағанымыз маңызды. Қай заманда болса да, ұлттың рухани оянуы сауат ашуда, оқу-білімде екенін жақсы түсінген Алаш көсемдері мен білімпаздары күрделі тарихи кезеңде оқу-ағарту бағытындағы еңбектерді насихаттауды, аударуды, кейін өздері де оқулықты жазып даярлауды мақсатты қолға алды» [8] - деп орынды сипаттайды.

Алаш және оқулықтар тақырыбы жеке алаштанушы ғалымдардың, тілші мамандардың мақала, зерттеулерінде, алаш бағытындағы энциклопедиялық жинақтарда, анықтамалықтарда қарастырылды.

ҚАЗАКСР Республикасының Халық ағарту комиссары А. Байтұрсынұлының төрағалығымен 1921 жылдың 31 қаңтарында Орынбор қаласында зиялы қазақ азаматтарының мәжілісі өтті. Жиында қаралған басты мәселе 1-ші һәм 2-ші буын мектептер үшін оқулық даярлау ісі болды. Мәжіліске Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Хайретдин Болғанбайұлы, Смағұл Садуақасұлы, Файзолла Ғалымжанұлы, Бидахмет Сәрсенұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Садуақас Сейдоллаұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Сабыр Айтқожаұлы және басқа азаматтар қатысады («Ақ жол» - көп томдық, – Алматы: Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы, 2011, 170-172 бб.). Қорытындысында белгілі пәндер бойынша төменде көрсетілген азаматтар шұғыл арада оқулық даярлауға тартылуы көрсетіледі: Арифметика – М. Тұрғанбайұлы (т) , Геометрия – Б. Сәрсенұлы (т) , Естествознание – Е. Омарұлы, Қ. Кемеңгерұлы (т) , Физика – Ғалымжанұлы, География – Ә. Бөкейхан, Қазақ-қырғыз тарихы – М. Жұмабайұлы (т) , Жалпы тарих – Х. Болғанбай, Мектепте гигиена – Ж. Тілеулин, Алгебра (бастауыш) – Е. Омарұлы, Педагогика – М. Жұмабайұлы, Дидактика – Ж. Аймауытұлы, Хрестоматия – С. Сейфуллин, Ж. Аймауытұлы - Қазақ тілінің ахуалы – А. Байтұрсынұлы, Теория словестности – М. Жұмабайұлы (т) . Бұл арада (т) деп берілгені – тәржіма арқылы әзірленетін оқулықтар.

Тарихи деректе қазақ зиялылары оқу құралдарын жазып, тәржімалап июньнің 1-не шейін бітіру керектігі, кітаптардың келер оқу жылының басына шейін даяр болып тұруы, оны дайындайтын азаматтар айына екі рет жиналып, жұмыстарының мән-жайын баяндап отыру қажеттігі туралы А. Байтұрсынұлы қол қойған шешім бар.

Мектепке оқу құралын жазу, оқулық ісін ұйымдастыру сынды игі істің бастауында ұлт ұстазы, алаштың рухани көсемі А. Байтұрсынұлы (1872-1937) болды. Ол ұлттық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың, соның ішінде тіл білімі, әдебиеттану, түркітану салаларының негізін қалап, болашақ қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлкен үлес қосты. Ғылыми-әдістемелік еңбектерімен қазақ арасында оқу-ағарту жұмысын жүргізіп, шәкірт тәрбиелеген А. Байтұрсынұлы ұзақ уақыт бойы тоталитарлық жүйенің жазықсыз құрбаны болып келді.

Қазақ тіл білімі тарихында жазылған тұңғыш ғылыми және оқу-әдістемелік еңбек саналатын А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) атты кітапшасы Орынбор қаласынан 1914 жылы жарық көрді.

Күрделі тарихи кезеңде оқулық даярлау ісіне Ә. Бөкейхан (астрономия, дүние құрылысы, ауыл шаруашылығы) , А. Байтұрсынұлы (тіл білімі, әдебиеттану) , М. Дулатұлы (есеп құралы) , Ж. Аймауытұлы (психология) , Х. Досмұхамедұлы (табиғаттану, биология, жануарлар әлемі) , Ә. Ермекұлы (математика) , Е. Омарұлы (тіл білімі, есеп құралы, әдістеме, физика) , М. Жолдыбайұлы (тіл білімі) , С. Қожажанұлы (математика) , М. Жұмабайұлы (педагогика) , Ж. Күдеріұлы (тарих, ботаника, ауыл шаруашылығы) , Т. Шонанұлы (тарих) , Қ. Кемеңгерұлы (тарих, тіл білімі, ауыл шаруашылығы, химия) , М. Әуезұлы (әдебиет, жер жаратылысы) , А. Байтасұлы (жануарлар әлемі) , М. Есболұлы (мәдениет) , Ж. Тілеулин (медицина) , Б. Сәрсенұлы (физика) , Х. Болғанбайұлы (тарих) , С. Садуақасұлы (тарих, әдебиет) т. б. қазақ оқығандары жұмылдырылды.

Алаш оқымыстылары саяси күрес ішінде болып, алғашқы ұлт басылымдарын, руханият орындарын ұйымдастыра жүріп қоғамдық-гуманитарлық, дүниаяу пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік еңбектерді жазып қалдырды. Қуғын-сүргінге ұшырап, еңбегі мен есімі ондаған жылдарға мансұқталса да, аса қымбат еңбектері қазақ ғылымының іргетасын қалады. Сол арқылы отандық әдістеме, педагогика, жалпы көптеген ғылым салалары бойынша ұлт тілінде алғашқы термин үлгілерін тудырып, қазақ тілі ғылым тілі бола алатынын дәлелдеді. Егер алаш дәуіріне дейін қазақ тілі ауызекі сөйлеу және әдеби тіл ретінде ғана қызмет атқарып келсе, ендігі кезекте ол баспасөз тілі, ресми құжат тілі және ғылым тілі болып қалыптасты. Қазақ тілінде ғылыми еңбек, оқу құралы жазылып, оның функционалдық қызмет көрсету аясы кеңейді.

Осы орайда Алаштанушы ғалым Дихан Қамзабекұлының «... бүгінгі рухани жаңғыру шараларын іске асырғанда «велосипед ойлап табудың қажеті жоқ». ... қазіргі жаңғырудың күретамыры - оқулық жазу, классикалық оқулықтарды аудару мәселесі бар. Бұл да - Алаш зиялыларының жүріп өткен жолы» [10] - деп айтқаны көп жайды аңғартады.

Алаш зиялылары және олар жазған алғашқы оқулықтар тек архив құжаттары ретінде қалып қоймай ұлт руханиятына қосылса һәм жастар қажетіне жараса жақсы игілікті іс болар. Бұлар ең алғашқы төл оқулықтар еді. Ұлттық дүниетанымда Һәм болмыста жазылған осы оқу құралдары заман өтседе өз өзектілігін жойған жоқ.

Темірдей тәртіптің цензурасына төтеп берген қарақшы мінезді туындылар тәуелсіздік танында ұлықтауға, насихаттауға әбден лайық. Жасай берсің Алаш рухы!!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. – 296-б.
2. Балкеев А. Алаш қайраткерлерінің егемендік туралы идеяларының маңызы: ретроспективті саясаттанулық талдау. // Тарихи-этнологиялық «Алаш» журналы, 2005 ж. №86, - 80-82-бб.
3. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. –Алматы, 1992. – 18-б.
4. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т.1. – 552 бет.
5. Ақанов Ә. АлашОРДА қайраткерлерінің ұлттық руханиятқа тигізген әсері. // Ақиқат, 14.11.2013.
6. Оралтай Х. Алаш-Түркістан түріктерінің ұлт-азаттық ұраны (қазақша аудармасы) //Азат, 1991. № 9 (1-15 маусым) .
7. Нұрпейіс К. Қазақ интеллигенциясының әкімшіл-әміршіл жүйеге ғылым мен мәдениет саласындағы қарсылығы, 29-б.
8. Кеменгер Қ. Алаш және алғашқы оқулықтар. //Қамшы.
9. Доскеева К. А. , Ахатаева К. Б. Алаш зиялыларының көп салалы қызметінің бір қыры. // edu. e-history. kz №2 (06)
10. Қамзабекұлы Д. Бүгінгі жаңғыру – Алаш зиялыларының жүріп өткен жолы. // <http://www.inform.kz/kz/dihan-kamzabekuly-bugingi-zhangyru-alash-ziyalylarynyn-zhurip-otken-zholy>

ГҮЛЖАХАН ЯБЕКҚЫЗЫ,

Жоғары санаттағы дәрігер-ұйымдастырушы.

Жазушы. Ұлағатты ұстаздың кенже қызы

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Ябек Есенбеков (1916 -1985) – ұлағатты ұстаз, оқу-ағарту ісінің үздігі, мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, Қазақ елінің өркендеуіне өз үлесін қосқан, озық ойлы, өз заманының бетке ұстар азаматы болған танымал тұлға. Ол ұрпақ тәрбиесін ең маңызды мәселе деп санады. 1947 жылдан өз ауылына мектеп салу мақсатын жүзеге асыру үшін көп еңбектенді. Ол кездері бұл оңай шаруа болмағаны анық, өзінің табандылығы мен қайсарлығының арқасында сол мақсатын жүзеге асырды. Ұлағатты ұстаздың оқу-ағарту саласына сіңірген еңбегі ескеріліп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 21 сәуір 1997 жылғы № 594 қаулысымен өзі алғашқы кірпішін қалаған Түркістан облысы, Жетісай ауданындағы “Бірінші мамыр” орта мектебіне “Ябек Есенбеков” есімі берілді.

Әкем Ябек тарихымыздың күрделі бір кезеңінде өмір сүрді. Кеңес үкіметінің өктем саясаты кезінде оңай болмағаны белгілі. Сол қиындыққа мойымай ағарту саласын дамытуда беріле еңбек етті. Еліне, халқына адал қызмет етуді өзіне парыз санады. Қазақ халқы ежелден елге қалтқысыз қызмет еткен беделді кісілерін “Ел Адамы” атаған. Әкем осындай беделді адамдардың қатарында. Сондай-ақ, ұстаз деген қасиетті сөздің ауқымын кеңейтіп абыройын асырған асқақ тұлға, асыл азамат болды. Еліміздің Қызылқұм аймағын игеруге, гүлдендіруге белсене қатысқаны үшін кезінде «Қызылқұм қыраны» деген атақ алды. Әкем халықтың қамын ойлаған айналасына шуақ шашып жүретін нұр дидарлы жан еді. Әсіресе, көмекке зәру жандарға, жетім-жесір мен тәрбиесі қиын балаларға келгенде көмегін аямайтын. Сондықтан көпшіліктің әкеме деген құрметі зор, ізгілікті істері мен биік тұлғасын, адами қасиеттерін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп айтып отырады. Мен тек бір мысал келтіре кетейін, жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдары қиын кезең болғаны белгілі, бір уыс бидай үшін сотталып кеткендер болды. Түрмеден енді босап келген бір ағайынға көмектесіп, әкем оның жұрт қатарына қосылуына ықпал етті. Сол бейбақты отбасылы ету үшін ұятты қойып елден жылу жинады. Оған кішігірім үй алып берді, үйлендірді. Сол кісі көп балалы әке атанып келіншегі екеуі әкеме алғысын айтып өтті. Әкем бөліп-жармай адамдардың бәріне бірдей қарады. Әкем жайындағы толық мәліметті «ЯБЕК» және «Ғибратты ғұмыр» деген кітаптардан оқуға болады. Алғашқысы 2016 жылы әкеміздің жүз жылдығына орай “ЯБЕК” деген атпен Астана қаласындағы “Фолиант” баспасынан шықты. Кітапқа қарапайым жұмысшыдан бастап, әкім, ғалым, профессор, парламент депутаттары мен елімізге танымал қоғам қайраткерлері өз ниеттерін білдіріп естеліктерін жазды. Абыз ағалардың кейбірімен жеке кездесудің де сәті түсті. Әкеме деген жұрттың ынты-ықпалының ерекше екенін байқадым. Бұл кітап бір әулеттің ғана емес, жалпы сол замандағы ауыл жұртының бір ғасырға жуық кезеңдегі тұрмыс-тіршілігін баяндайтын туынды болды деп есептеймін, көптің көңілінен шыққан бұл кітаптың электрондық нұсқасын интернет желісіндегі Kazneb.kz сайтынан көруге болады. «Ғибратты ғұмыр» алғашқы кітаптың толықтырылған нұсқасы, форматы өзгешелеу, әрі көбірек суреттермен көркемделді.

Әкем ғажайып интеллектуал адам еді. Кітапты көп оқитын, біздерді де әдеби кітап оқуға баулыды. Содан менің жеке кітапханамда екі мыңнан астам кітап жиналған болатын. 2020 жылғы игі істерімнің бірі жеке кітапханамнан мыңнан астам кітапты Ябек Есенбеков атындағы №59 жалпы орта мектебінің

кітапханасына табыстағаным болды. Оның ішінде қазақ әдебиетінің классик ақын-жазушыларының және танымал шетел классиктерінің туындылары бар. Сондай-ақ, жыл сайын 14 ақпан – “Кітап сыйлау күні” ауылдағы мектепке кітаптар сыйлау дәстүрге айналды. Жас ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын арттыру маңызды деп санаймын. Кітап – сарқылмайтын қазына. Бүгінде кітап оқу арқылы әрбір адам өз білімін үздіксіз дамыта алады. «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге», – деп данышпан Абай атамыз айтқандай, кітапты ең құнды қазына деп есептеймін. Талабы биік кітапқұмар жас түлектер келешекте еліміздің рухани және экономикалық дамуына елеулі үлес қосады деп сенемін.

Бүгінде жарты ғасырдан астам тарихы мен өзіндік дәстүрі бар Ябек Есенбеков атындағы мектеп оқушылары түрлі сайыстарда жүлделі орындарды иемденіп жүр. Мектеп оқушыларының Республика мен облыс деңгейіндегі қол жеткізген көптеген жетістіктерін көріп мақтана аламыз. Толық мәліметті мектептің интернет желісіндегі сайтынан көруге болады.

Әкем математика пәнінен сабақ берді, өте сауатты математик болатын: “Математиканың кереметтігі көп сөзді қажет етпейді, дәлдікті талап етеді және ойды реттеуге көмектеседі” дейтін. Әкеміз ерекше қастерлеген пәнді дәріптеу мақсатында Ябек Есенбеков атындағы №59 жалпы орта мектебінде жыл сайын «Математика турнирі» өтеді. Оны ұйымдастыруға қаржылай көмектесіп демеуші боп жүрген ұстаздың үлкен қызы – Есенбекова Сайлаукүл. Бұл турнирге қатысқысы келетіндер көп, соңғы жылдары аудан деңгейінде ұйымдастырылып келеді. Келешекте облыс, республика деңгейінде өткізу ниетіміз бар. Бұл бастама халықаралық олимпиада жүлдегерлерін дайындауға сеп болары сөзсіз.

Рухани дамуымыздың бір көрсеткіші ата-баба мұраларын дәріптеу. Бұл тұрғыда әпкем Сайлаукүл екеуміздің ойға алған және бір идеямыз, әкеміздің көзінде болған бұйымдарды жинақтап “мұражай бұрышын” ашу еді. Бұл идеямызды мектеп басшылығы да, мектеп директоры Меңдікұлов Нұрмағамбет мырза да қолдады. Дайындық жұмыстарының нәтижесінде түрлі танымдық заттар, жүздеген тарихи жәдігерлер жинақталды. Сонымен 2023 жылы кітапхана ғимаратының бір қабырғасынан мұражай бұрышы ашылды. Негізгі мақсат тарихи-мәдени ескерткіштерді, өткен ғасырдағы тарихи оқиғаларды насихаттау арқылы жас ұрпақты адамгершілік және патриоттық рухта тәрбиелеуге үлес қосу. Бұл ең алдымен өз тарихымызға деген құрмет. Әйгілі бабамыз әл-Фараби: “Өткенді білмей болашақты болжау мүмкін емес” деген еді. Музей экспозициясында өткен 20 ғасырдың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетін бейнелейтін бұйымдар бар. Ең алдымен ұлағатты ұстаздың өзі қолымен ұстап, оқып зердесіне түйген кітаптары қойылды. Оның ішінде Ябек Есенбеков ерекше құрметтеген екі тарихи тұлғаның кітаптары бар, олар: Абай Құнанбаев пен Дінмұхамед Қонаев. Кейінгі кезекте ұлағатты ұстаздың төс белгілері мен түрлі значоктар, алғыс хаттар қойылды. Сонымен қатар ұстаздың отбасы мүшелері қолданған заттар, шахмат тастарынан бастап коллекциялық монеталар және сол заманда қолданыста болған түрлі тарихи маңызы бар бұйымдар мен естелік ретінде сақталып келе жатқан қолөнер туындылары көпшілік назарына ұсынылды. Мысалы, әкеміздің анасы Бибіш ана отбасына қорған болсын, өсіп-өнсін деген ниетпен ұлына арнап өз қолымен тоқыған алаша және түрлі кестелі бұйымдар қойылды. Бұлар бірнеше ұрпақтың қолынан өткен дүниелер болатын. Өткені мен тарихын білгісі келетін әрбір адам үшін қызықты болары анық. Қойылған заттар тарихтан сыр шертетін бұйымдар болған соң, тарихи-танымдық, эстетикалық-тәрбиелік мәні зор деп есептеймін. Ұстаздардың тақырыптық жоспар құрып танымдық сағаттар өткізуге де мүмкіндігі бар. Мұражайды құнды экспонаттармен толықтыру жұмыстары әрі қарай жалғасын табатын болады. Маңызы бар дүниелер мұражайда сақталуы тиіс деп санаймын, себебі мұның өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етері сөзсіз. Мұнда жұмыс атқаратын қызметкер экспонаттар жайындағы мәліметтермен бөлісіп келушілерді қызықтыра алады. Жәдігерлерді сыдыртып көріп шығу бір басқа да, оның мән-мағынасын, тарихын білу әлдеқайда әсерлі болары хақ.

Әкем ЯБЕК елі үшін талмай еңбектеніп өмірінің соңына дейін ағартушылықпен айналысты. Осы тұста әкемнің табиғи дарыны мен ділмарлығын атап өткім келеді. Өзі математик болса да, жан-жақты болатын, қазақ халқының тарихын терең білетін, шежірені жатқа айтатын. Табиғатына біткен қайсарлық пен бабалар рухы жебеген батылдық оның мәртебесін асқақтатып талай қиындықтан алып шықты. Мектептің алдына орнатылған еңселі ескерткіш-бюсті сол бір қайсарлығының белгісіндей, рухы жаңғырып тұрғандай сезіледі. Ауылға барған сайын мектептегі ұстаздармен кездесіп, жаңалықтармен бөлісіп тұрамыз. Ауыл тұрғындарының арасында әкемізді қадір тұтатын, көзін көрген жақсылар да баршылық, олар әкеміздің адалдығы мен әділдігін, қиыннан қисынын тауып реттей білетін білікті басшы болғанын әңгімелеуден жалықпайды. Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: “Адал адам дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды”, деген болатын. Әкем нағыз адал адам болды. Өзімен бірге өзгелерді де адал өмір сүруге баулып, қоғам мүддесіне сергек қараудың үлгісін көрсетті. Ісіне адал, не болса да бәрін бетке айтатын шыншыл адам еді. Сондықтан көпшіліктің әкеме деген құрметі зор, ұлағатты ұстаздың ақыл-парасатын, шебер ұйымдастырушылық қабілетін, адалдығын, іскерлігін, қандай күрделі мәселе болса да шешімін табудағы ұстамдылығы мен адами қасиеттерін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп айтып отырады. Ата-баба, әке-шеше рухын ұлықтау ұрпақ парызы десек, негізінде бұл құрмет елге, тәрбиеге керек. Нағыз ұлт жанашыры болған, бітімгер, елімізге танымал

талай тұлғаларды тәрбиелеген ұлағатты ұстаз Ябек Есенбековтың өмір жолы мен өсиеттері кейінгі ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде үлгі болары сөзсіз.

ТУЛЕГЕНОВА АЙАРУ АМИРЖАНҚЫЗЫ,

Жетекші: Хажғалиева Г. Х. - Педагогика ғылымдарың кандидаты, PhD

Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Аңдатпа

Бұл мақалада ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктерді (идиомалар, тұрақты тіркестер, фразалық етістіктер) оқыту арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мәселесі қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде тіл үйретудің басты мақсаты – оқушылардың шынайы өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасай алу қабілетін қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, фразеологиялық бірліктерді меңгеру оқушылардың тілдік қорын байытып қана қоймай, олардың мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мақалада коммуникативтік құзыреттілік ұғымының мәні, оның құрылымдық компоненттері, фразеологиялық бірліктердің тіл үйретудегі рөлі, сондай-ақ оларды оқыту әдістері мен тиімді жолдары жан-жақты талданады. Сонымен қатар тәжірибелік ұсыныстар мен әдістемелік тәсілдер ұсынылады.

Түйін сөздер: фразеологиялық бірліктер, коммуникативтік құзыреттілік, ағылшын тілі, идиомалар, тілдік дағды, мәдениетаралық коммуникация, оқыту әдістемесі.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ағылшын тілі халықаралық қатынас құралы ретінде ерекше маңызға ие болып отыр. Осыған байланысты білім беру жүйесінде ағылшын тілін оқыту әдістемесіне қойылатын талаптар да өзгеруде. Бүгінгі күні басты мақсат – оқушылардың тек тілдік білімін қалыптастыру емес, олардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту, яғни шынайы өмірлік жағдаяттарда еркін әрі тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілетін қалыптастыру болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, тіл үйрету үдерісінде фразеологиялық бірліктерді қолдану ерекше рөл атқарады, өйткені олар тілдің табиғи, бейнелі және мәдени ерекшеліктерін көрсетеді.

Коммуникативтік құзыреттілік ұғымы тілдік білімді практикада қолдану қабілетін білдіреді. Бұл тек грамматикалық ережелерді білу ғана емес, сонымен қатар сол білімді нақты коммуникативтік жағдайда дұрыс әрі орынды пайдалану. Мысалы, оқушы «How are you?» деген сұраққа тек «I am fine» деп жауап берумен шектелмей, «I'm doing great», «Could be better», немесе «I'm over the moon today» сияқты табиғи, эмоцияға бай жауаптарды қолдана алуы тиіс. Соңғы мысалдағы *over the moon* идиомасы «өте қуаныштымын» деген мағынаны білдіреді және ол сөйлеуді анағұрлым әсерлі етеді. Демек, фразеологиялық бірліктерді меңгеру коммуникативтік құзыреттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Фразеологиялық бірліктер – бұл тілде дайын күйінде қолданылатын, мағынасы құрамындағы сөздердің тура мағынасынан туындамайтын тұрақты тіркестер. Оларға идиомалар, фразалық етістіктер және тұрақты сөз тіркестері жатады. Мысалы, *break the ice* тіркесі «мұзды бұзу» деген тура мағынада емес, «әңгіме бастау, алғашқы қысылуды жою» деген ауыспалы мағынада қолданылады. Сол сияқты *hit the nail on the head* – «дәл айту», ал *spill the beans* – «құпияны ашу» дегенді білдіреді. Бұл тіркестерді сөзбе-сөз аудару олардың нақты мағынасын бермейді, сондықтан оларды арнайы үйрету қажет.

Ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктерді оқыту оқушылардың тілдік қорын байытып қана қоймай, олардың мәдениетаралық құзыреттілігін де дамытады. Себебі әрбір идиома белгілі бір халықтың дүниетанымы мен мәдениетін көрсетеді. Мысалы, *a piece of cake* идиомасы «өте оңай» дегенді білдіреді. Бұл тіркестің пайда болуы ағылшын мәдениетінде тәтті тағамдардың жағымды эмоциялармен байланыстылығын көрсетеді. Қазақ тілінде осыған ұқсас «баланың ойыны» деген тіркес бар. Осындай салыстырулар арқылы оқушылар екі тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсінеді, бұл олардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырады.

Фразеологиялық бірліктерді меңгеру оқушылардың барлық тілдік дағдыларына әсер етеді. Тыңдалым дағдысын дамыту барысында оқушылар фильмдерден, сериалдардан, әндерден идиомаларды жиі кездестіреді. Мысалы, ағылшын тіліндегі фильмде кейіпкер «Don't worry, it's a piece of cake» деп айтса, оқушы бұл тіркестің мағынасын білмесе, сөйлемнің жалпы мәнін түсінбеуі мүмкін. Ал егер ол идиоманы меңгерген болса, онда ақпаратты толық әрі дұрыс қабылдай алады.

Айтылым дағдысында фразеологиялық бірліктер ерекше маңызға ие. Оқушылар идиомаларды қолдану арқылы өз ойын нақты, қысқа әрі әсерлі жеткізе алады. Мысалы, «He is very lazy» деген қарапайым сөйлемнің орнына «He is a couch potato» деп айту сөйлеуді жандандырады. Сол сияқты «She became very angry» дегеннің орнына «She blew her top» тіркесін қолдану сөйлеуді табиғи әрі бейнелі етеді. Бұл оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, олардың өзіне деген сенімділігін арттырады.

Оқылым дағдысында да фразеологиялық бірліктер маңызды рөл атқарады. Көптеген ағылшын тіліндегі мәтіндерде идиомалар жиі кездеседі. Егер оқушы олардың мағынасын білмесе, мәтінді толық түсіну қиынға соғады. Мысалы, «When John heard the news, he was on cloud nine» деген сөйлемді түсіну үшін *on cloud nine* идиомасының «өте бақытты» деген мағынада екенін білу қажет. Осылайша, фразеологиялық бірліктерді меңгеру мәтінді терең түсінуге мүмкіндік береді.

Жазылым дағдысында идиомаларды орынды қолдану мәтінді байытады және көркем етеді. Мысалы, эссе жазу барысында оқушы «In conclusion, this task was very easy» дегеннің орнына «In conclusion, this task was a piece of cake» деп жазса, оның жұмысы анағұрлым әсерлі көрінеді. Дегенмен, мұнда бір маңызды мәселе бар: оқушылар

идиомаларды орынды және контекстке сәйкес қолдануды үйренуі тиіс. Әйтпесе, орынсыз қолдану мәтіннің сапасын төмендетуі мүмкін.

Фразеологиялық бірліктерді оқытуда тиімді әдістерді қолдану маңызды. Ең алдымен, оларды контекст арқылы үйрету қажет. Яғни идиомаларды жеке-жеке жаттатудан гөрі, мәтін ішінде, диалогтарда немесе жағдаяттарда көрсету тиімді. Мысалы, мұғалім «break the ice» идиомасын түсіндіру үшін екі адамның алғаш рет кездесіп, әңгіме бастаған диалогын ұсына алады. Бұл оқушыларға тіркестің нақты қолданылуын көруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар визуалды әдістер де өте тиімді. Мысалы, *spill the beans* идиомасын түсіндіру үшін мұғалім бұршақ төгіліп жатқан суретті көрсетіп, оның ауыспалы мағынасын түсіндіре алады. Мұндай тәсілдер оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырады.

Рөлдік ойындар фразеологиялық бірліктерді меңгеруде ерекше тиімді әдістердің бірі болып табылады. Оқушылар түрлі жағдаяттарды сахналау арқылы идиомаларды табиғи түрде қолдануға үйренеді. Мысалы, «At the restaurant», «Job interview», «Meeting new people» сияқты тақырыптарда диалог құру барысында олар жаңа тіркестерді қолданады. Бұл әдіс олардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға тікелей әсер етеді.

Салыстырмалы әдіс те маңызды орын алады. Мұғалім ағылшын тіліндегі идиомаларды қазақ тіліндегі ұқсас тіркестермен салыстыру арқылы түсіндіре алады. Мысалы, *kill two birds with one stone* идиомасы қазақ тіліндегі «бір оқпен екі қоян ату» тіркесіне сәйкес келеді. Мұндай салыстырулар оқушыларға жаңа ақпаратты жеңіл меңгеруге көмектеседі.

Ойын технологиялары да оқыту үдерісін қызықты әрі тиімді етеді. Мысалы, «matching game» ойынында оқушылар идиомаларды олардың мағыналарымен сәйкестендіреді. «Guess the idiom» ойынында мұғалім сипаттама береді, ал оқушылар тиісті идиоманы табады. «Storytelling» әдісінде оқушылар берілген идиомаларды пайдаланып, қысқа әңгіме құрастырады. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Тәжірибе көрсеткендей, фразеологиялық бірліктерді жүйелі түрде қолдану оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Олар жаңа сөздерді ғана емес, тұтас тіркестерді меңгеру арқылы өз ойын еркін жеткізе бастайды. Сонымен қатар олар ағылшын тіліндегі фильмдерді, әндерді және басқа да аутенттік материалдарды жақсы түсінетін болады.

Дегенмен, фразеологиялық бірліктерді оқыту барысында кейбір қиындықтар туындайды. Ең бастысы – олардың мағынасының тура емес болуы. Оқушылар көбінесе идиомаларды сөзбе-сөз аударып, қате түсінеді. Мысалы, *kick the bucket* тіркесін тура аударғанда «шелек тебу» болып шығады, бірақ оның нақты мағынасы «қайтыс болу» екенін білу қажет. Мұндай қиындықтарды жеңу үшін идиомаларды контекстте үйрету және жиі қайталау қажет.

Тағы бір қиындық – идиомаларды сирек қолдану. Егер оқушылар жаңа тіркестерді тек жаттап қана қойып, оларды сөйлеуде қолданбаса, онда олар тез ұмытылады. Сондықтан мұғалім сабақ барысында оқушыларды жаңа тіркестерді белсенді қолдануға ынталандыруы тиіс.

Қорытындылай келе, ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктерді оқыту оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда маңызды құрал болып табылады. Олар тілдің табиғилығын қамтамасыз етіп, сөйлеуді байытады және мәдениетаралық түсіністікті арттырады. Сондықтан ағылшын тілін оқыту үдерісінде фразеологиялық бірліктерге ерекше назар аудару қажет. Оларды жүйелі түрде, тиімді әдістер арқылы үйрету оқушылардың тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Brown, H. D. *Principles of Language Learning and Teaching*.
2. Harmer, J. *How to Teach English*.
3. McCarthy, M. , O'Dell, F. *English Idioms in Use*.
4. Nation, I. S. P. *Learning Vocabulary in Another Language*.
5. Richards, J. C. *Communicative Language Teaching Today*.
6. Thornbury, S. *How to Teach Vocabulary*.
7. Қазақстан Республикасының білім беру стандарттары.

КУЖАГУЛОВА ЭЛЬМИРА СЕРИКОВНА,
учитель русского языка и литературы,
учреждение “Школа- лицей “NURORDA”, г. Астана

ВЛИЯНИЕ ГРУППОВОЙ ФОРМЫ РАБОТЫ С РАСПРЕДЕЛЕНИЕМ РОЛЕЙ НА ФОРМИРОВАНИЕ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В РАМКАХ ИССЛЕДОВАНИЯ В ДЕЙСТВИИ (ACTION RESEARCH)

АННОТАЦИЯ

В статье представлены результаты исследования в действии, направленного на изучение влияния групповой формы работы с распределением ролей на формирование учебной мотивации учащихся 5 класса на уроках русского языка и литературы. Работа проведена в условиях инклюзивного класса. Результаты показали, что использование распределения ролей повышает активность, интерес и ответственность учащихся, способствует развитию коммуникативных навыков и созданию позитивного эмоционального климата на уроках.

Ключевые слова: групповая работа, распределение ролей, учебная мотивация, русский язык, литература, инклюзия.

ВВЕДЕНИЕ

Современное обучение русского языка и литературы требует от педагога создания условий, при которых каждый ученик будет вовлечён в активную познавательную деятельность. Одной из эффективных технологий является групповая работа, однако на практике она не всегда приводит к равномерному распределению активности. Некоторые учащиеся остаются пассивными, перекладывая ответственность на других.

Гипотеза исследования: если организовать групповую работу с распределением ролей, то повысится уровень учебной мотивации учащихся, поскольку каждый ученик будет включён в процесс через осознание своей индивидуальной ответственности за общий результат.

ЦЕЛЬ ИССЛЕДОВАНИЯ:

Изучить влияние групповой формы работы с распределением ролей на формирование учебной мотивации учащихся 5 класса на уроках русского языка и литературы.

ЗАДАЧИ:

1. Провести диагностику исходного уровня учебной мотивации учащихся.
2. Определить эффективность групповой формы работы без распределения ролей.
3. Внедрить групповую работу с распределением ролей и проанализировать результаты.
4. Сравнить показатели учебной мотивации до и после эксперимента.

Вопрос исследования (research question) :

Как влияет групповая форма работы с распределением ролей на формирование учебной мотивации учащихся 5 класса на уроках русского языка и литературы в условиях инклюзивного класса?

Методология исследования

Исследование выполнено в формате **action research (исследование в действии)** и включает:

1. **Наблюдение за учебным процессом**
2. анализ поведения и активности учащихся на уроках с разными форматами групповой работы.
3. **Анкетирование учащихся**
4. выявление уровня мотивации, отношения к предмету и комфортности работы в группе.
5. **Педагогический эксперимент**, состоящий из двух условий:
 - групповая работа без распределения ролей;
 - групповая работа с введением фиксированных ролей (лидер, и др.).
6. **Сравнительный количественный анализ результатов**
7. сопоставление показателей активности, инициативности, ответственности, интереса.
8. **Качественный анализ**
9. интерпретация комментариев учащихся и наблюдений учителя о взаимодействии в группе.
10. **Рефлексия и корректировка практики**
11. фиксация изменений, выводов и последующей адаптации подхода.

I ЭТАП. ДИАГНОСТИЧЕСКИЙ

На первом этапе (сентябрь) проводилось анкетирование учащихся 5 класса с целью выявления уровня учебной мотивации и отношения к групповым формам работы.

Результаты показали, что:

- 45% учащихся испытывают интерес к предмету;
- 35% отмечают затруднения при работе в группе;
- 40% занимают пассивную позицию, предпочитая индивидуальные задания.

II ЭТАП. ПРАКТИЧЕСКИЙ

В первом полугодии уроки проходили в формате традиционной групповой работы без распределения ролей. Учитель наблюдал за уровнем активности, взаимопомощи и эмоционального фона. Результаты показали: активность учащихся — 52% , инициативность — 38% , положительное отношение — 49% . Было выявлено, что при отсутствии чётких ролей отдельные ученики не чувствуют личной ответственности.

III ЭТАП. ФОРМИРУЮЩИЙ

Во втором полугодии внедрена система распределения ролей: лидер, секретарь, спикер, оформитель, контролер, тайм-менеджер. Роли менялись каждые 2–3 недели. Примеры заданий: создание синквейна, сториборда, скетчноута, таблицы сравнений героев.

Результаты: активность — 82% , инициативность — 74% , интерес — 76% . Ученики отметили, что «в группе стало интереснее, когда у каждого есть своя роль».

IV ЭТАП. КОНТРОЛЬНО-ОЦЕНОЧНЫЙ

Проведено итоговое анкетирование и сравнительный анализ (Приложение 1.)

Показатель	До внедрения ролей	После внедрения	Прирост
Интерес к предмету	48%	76%	+28%
Активность на уроках	53%	82%	+29%
Ответственность	41%	75%	+34%
Сотрудничество	45%	83%	+38%

Вывод: распределение ролей делает каждого участника значимым, повышает внутреннюю мотивацию, создаёт положительную атмосферу. Метод эффективен для инклюзивных классов.

Актуальность исследования заключается в необходимости поиска эффективных методов повышения учебной мотивации в условиях инклюзивного образования. Современные учащиеся часто демонстрируют неравномерную активность в групповой работе, что снижает результативность совместного обучения. Введение распределения ролей в группе позволяет каждому ученику включиться в деятельность и ощущать личную ответственность за общий результат, что способствует развитию мотивации, коммуникативных навыков и формированию положительного эмоционального климата на уроке.

Выводы исследования в действии:

1. Введение распределения ролей в групповой работе значительно повысило учебную мотивацию учащихся. Каждый ребёнок получил индивидуальную ответственность и ощутил свой вклад в общий результат.
2. Роли способствовали росту активности и инициативности. Обучающиеся стали чаще выражать идеи, задавать вопросы, принимать участие в обсуждениях.
3. Отмечено развитие коммуникативных и социальных навыков. Учащиеся учились договариваться, слушать друг друга, распределять задачи и сотрудничать.
4. Формирование позитивного эмоционального климата. Обучающиеся чаще выражали удовлетворение процессом, повышался интерес к заданию и к предмету.
5. Метод показал свою эффективность именно в инклюзивном классе. Ученики с разными особенностями и уровнями вовлечённости менее выпадали из взаимодействия, так как имели закреплённую роль.
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.

Қысқы ойын түрлерін атаңдар :

Шанамен сырғанау.
Конькимен сырғанау.
Шаңғымен тебу.
Қар атысып ойнау.
Аққала жасау.

Ойын: «Дәрумендер»

1. А - сәбізде, қызанақта, пиязда (А,В,С)
2. В - алмада, алмұртта, қызанақта, пиязда (ірімшікте)
3. С лимонда, мандаринде, қызыл бұрышта

4. Д- қаймақта, сүзбеде, сүтте (сүзбеде В)

Мақсаты: пайдалы азық-түліктер мен дәрумендер және салауатты тамақтанудың маңызы туралы білімдерін кеңейту.

Сергіту.

Орнымыздан тұрайық,
Қолды белге қояйық
Иілеміз оңға бір,
Иілеміз солға бір,
Алға қарай бір адым
Артқа қарай бір адым
Оңға қарай екі адым,
Солға қарай екі адым
Жоғары-төмен қарайық,
Орнымызды табайық.

Зертханаға саяхат.

Мақсаты: өлі табиғат нысандарына зерттеу жасау арқылы білімдерін дамыту.

А) Суды зерттеу.

Мөлдір, таза, сұйық
Түтікшемен үрлеу. Көпіршіктерді байқау.

Ә) Құмды зерттеу

Сусымалы.
Су құю. Суды сіңіріп алады.

Б) Тасты зерттеу

Қатты, суды сіңірмейді.

Сулы құмға әріптер жазу, оны тастармен сәндеу.
Қызыл тастармен дауысты дыбыстарды,
Көк тастармен дауыссыз дыбыстарды.

Зертханадан оралу.

Қорытынды бөлім.

-Балалар біз қандай топтарға бөліндік?

-Бүгінгі оқу қызметімізде қандай істер атқардық?

-Бүгінгі оқу қызметі қызықты болды ма?

Бүгінгі оқу қызметіне атсалыса қатысқандарың үшін рахмет!

ШАЙХИНА ГАУХАР АНТАЙБЕКОВНА,
Республикалық физика-математика мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Астана қаласы

СӨЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ КОММУНИКАТИВТІ АСПЕКТІСІ

Аннотация: Бұл мақалада қазақ тіліндегі сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектілері қарастырылады. Мақалада ойды дұрыс және сауатты жеткізе білу, әңгімелесушіні тыңдау және түсіну қабілеті, сондай-ақ қазақ мәдениетіндегі тілдік этикет пен қарым-қатынас стратегиялары талданады.

Кілт сөздер: сөз мәдениеті, коммуникативтік аспектілер, қарым-қатынас, қазақ тілі, сыпайылық, құзыреттілік.

Қоғамдағы қарым-қатынастың маңызды құрамдас бөлігі – сөз мәдениеті. Бұл адамдар арасындағы байланыс процесін реттейтін нормалар, ережелер мен көзқарастардың жиынтығы болып табылады. Қарым-қатынас – тіл арқылы жүзеге асатын ақпарат алмасу құралы, ол адамдарға өз ойлары мен сезімдерін жеткізуге, бір-бірімен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Сөз мәдениетінің негізгі коммуникативтік аспектілерінің бірі – өз ойын қазақ тілінде дұрыс және сауатты жеткізе білу. Сөйлеудегі сауаттылық тек грамматика мен емле ережелерін білуді ғана емес, сонымен қатар үйлесімді және логикалық мәлімдемелер құруды, әртүрлі тілдік құралдар мен стильдерді қолдануды қамтиды. Сөз мәдениеті қарым-қатынастың мәнмәтіні мен мақсатын ескере отырып, әртүрлі коммуникативтік жағдайларда сөздер мен сөз тіркестерін барабар таңдау және қолдану қабілетін болжайды [1, 1].

Коммуникативтік мәдениеттің тағы бір маңызды аспектісі – әңгімелесушіні тыңдау және оны түсіну қабілеті. Белсенді қабылдау, басқа адамның айтқанына қызығушылық таныту, оның ойлары мен эмоцияларын түсіну, диалог пен өзара әрекеттесуге дайын болу – тиімді қарым-қатынастың негізгі шарттары. Сонымен қатар, сұхбат барысында сұрақтар қоя білу, пікірталасқа қатысу, өз көзқарасын дәлелдей алу да коммуникативтік дағдылардың маңызды бөлігі болып табылады [2, 89].

Қазақ тілінде сөз мәдениетін қалыптастыруда қарым-қатынастың рөлі зор. Себебі тіл – мәдени құндылықтарды, дәстүрлер мен тарихи тәжірибені жеткізу мен сақтау құралы. Ол тек ақпарат алмасудың ғана емес, сонымен бірге ұлттың рухани мұрасының тасымалдаушысы болып табылады. Қарым-қатынас арқылы қоғамның білімі, нормалары мен құндылықтары ұрпақтан-ұрпаққа беріледі, сондай-ақ қазақ тілінде сөйлейтіндердің лингвомәдени құзыреттілігі қалыптасады [3, 33].

Сөз мәдениеті халықтың тарихы мен мәдениетіне байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие. Қазақ тілі – түркі тілдерінің бірі, оның өзіндік грамматикасы, фонетикасы мен лексикасы бар. Сондықтан қазақ тіліндегі сөз мәдениеті ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді бейнелейді. Қарым-қатынаста әңгімелесушіні және оның тілін құрметтеу де маңызды орын алады. Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің символы, оны дұрыс пайдалану мәдени мұраға деген құрметті білдіреді.

Коммуникативтік мәдениет қарым-қатынастың этикалық аспектілерімен де тығыз байланысты. Қарым-қатынаста этикалық нормалар мен ережелерді сақтау, сұхбаттасушыға құрмет көрсету, дөрекі және әдепсіз сөздерден аулақ болу – сөз мәдениетінің маңызды талаптары. Қазақ тіліндегі қарым-қатынас мәдениеті өз ойлары мен сезімдерін сыпайылық пен құрмет нормаларын сақтай отырып жеткізуді көздейді. Осылайша, сөз мәдениетін дамыту – қоғамдағы үйлесімді қарым-қатынасты қалыптастырудың маңызды бөлігі болып табылады.

Сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектілері қарым-қатынаста және лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазақ тіліндегі сөз мәдениеті өз ойын сауатты және дұрыс жеткізе білуді, әңгімелесушіні тыңдап, түсіне білуді, сондай-ақ қазақ халқының мәдени мұрасы мен тілін құрметтеп, бағалай білуді көздейді. Қарым-қатынас сөз мәдениетін сақтауға және дамытуға, сондай-ақ үйлесімді этносаралық қатынастарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақ тіліндегі коммуникативтік стратегиялардың ерекшеліктерінің бірі – әңгімелесушіге деген жоғары дәрежедегі сыпайылық пен құрмет. Қазақ мәдениетінде үлкендер мен ата-аналарға, сондай-ақ қонақтарға құрмет көрсету дәстүрі бар. Бұл ақсақалдар мен ата-аналарға жүгінудің арнайы формалары, сондай-ақ қонақтармен қарым-қатынас кезінде қолданылатын арнайы тіркестер арқылы көрініс табады.

Коммуникативтік стратегиялардың тағы бір ерекшелігі – үйлесімділікті сақтаудың және жанжалдарды болдырмаудың маңыздылығы. Қазақтар бейбіт және достық қарым-қатынасқа ұмтылады, сондықтан олар жанжалды жағдайларды жеңілдетуге және жақсы қарым-қатынасты сақтауға бағытталған тактиканы жиі

қолданады. Мысалы, олар сынды немесе жағымсыз ақпаратты азайту үшін сыпайылық пен комплимент формулаларын жиі қолданады.

Сонымен қатар, коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар да сөйлеушінің әлеуметтік мәртебесі мен жағдайына байланысты. Қазақ мәдениетінде жоғары лауазымды тұлғаларға жүгінудің арнайы формалары бар. Бұл құрмет пен бағынудың маңыздылығын көрсетеді [4, 47].

Қарым-қатынас барысында қазақтар сөздерін толықтыру және күшейту үшін кимылдарды, мимика мен дене кимылдарын белсенді қолданады. Бұл қарым-қатынастың түсінігі мен анықтығын жақсартуға көмектеседі. Сондай-ақ, қарым-қатынас дағдылары әңгімелесушіні тыңдау және түсіну қабілетін қамтиды. Ана тілінде сөйлемейтіндер үшін түсінуді қиындататын түрлі диалектілер мен екіпіндер бар. Сондықтан әңгімелесушінің хабарламаларын дұрыс түсіндіру үшін оның айтылуы мен интонациясына назар аудару керек [5, 21].

Жалпы, сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектілері қазақ мәдениеті мен дәстүрінің ерекшеліктерін көрсетеді. Сыпайылықтың жоғары дәрежесі, үлкендер мен қонақтарды құрметтеу, бейбітшілік пен жақсы қарым-қатынасты сақтауға ұмтылу – мұның бәрі қазақ тілінің коммуникативтік стратегиялары мен тактикаларында көрініс табады. Осы ерекшеліктерді түсіну және есепке алу қазақ мәдениетінде өзара тиімді қарым-қатынас пен өзара түсіністікке қол жеткізуге көмектеседі.

Сондықтан, коммуникативтік дағдыларды дамыту қазақ тілінде табысты қарым-қатынас жасағысы келетіндер үшін және осы тілдің сөз мәдениетін тереңірек түсінгісі келетіндер үшін маңызды міндет болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Колесова О. В., Тивикова С. К., Ключева С. С. Бастауыш сынып оқушыларында сөз мәдениетін дамытудың заманауи аспектілері // қазіргі педагогикалық білім беру мәселелері. 2021. №71-2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennyye-aspekty-razvitiya-kultury-rechi-u-mladshih-shkolnikov>
2. Кондубаева М. Р. Қаржыгер студенттің тілдік тұлғасын қалыптастырудың синергетикалық моделі (кәсіби сөйлеудің формулаларын игеру мысалында). URL: <https://abaiuniversity.edu.kz/docs/doctoranti/ongarbayeva/Dissertation.pdf>
3. Крючкова О. Ю. Шежіре. Саратов университетінің жаңалықтары. Жаңа серия. Филология сериясы. – 2016. – Т. 16. – №. 2. – 227- 232 ББ. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/hronika-3>
4. Летняков Д. Э. Посткеңестік Орталық Азиядағы қазақ тілінің рөлі // саясат. 2020. №4 (79) . URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-russkogo-yazyka-v-postsovetskoy-tsentralnoy-azii>
5. Миролевич И. А. Қазіргі тележүргізушілердің сөз мәдениетінің ерекшеліктері // Коммуникология: электрондық Ғылыми журнал. 2021. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-rechevoy-kultury-sovremennyh-televeduschih>.

АЛТАЕВА ДИНАРА КЕНЖЕХАНОВНА,

"І. Жансүгіров атындағы №30 жалпы білім беретін мектеп" КММ - нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі
Түркістан облысы, Жетісай ауданы

ДОМБЫРА ҮНІ – ҰЛТ ҮНІ: ҰЛТТЫҚ САНА МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МӘНІ

Аннотация

Бұл мақалада домбыра өнерінің ұлттық мәдениеттегі орны, оның тарихи-философиялық негіздері, ұлттық сана қалыптастырудағы рөлі және білім беру үдерісіндегі тәрбиелік мүмкіндіктері ғылыми тұрғыда талданады. Домбыраның этномәдени код ретіндегі қызметі, күй өнерінің мазмұндық ерекшелігі және тұлғаның рухани дамуына ықпалы қарастырылады. Сонымен қатар, білім беру жүйесінде домбыра өнерін интеграциялау жолдары ұсынылады. Кілт сөздер: домбыра, күй, ұлттық құндылық, этномәдени код, рухани тәрбие, ұлттық бірегейлік, мәдени сабақтастық.

Кіріспе

Жаһандану жағдайында ұлттық болмысты сақтау мәселесі өзекті болып отыр. Әлемдік мәдени ықпалдастық күшейген кезеңде әр халық өзінің тарихи-рухани тамырын терең сезінуге ұмтылады. Қазақ халқының рухани әлемін айқындайтын басты құндылықтардың бірі – домбыра.

Домбыра – қазақ мәдениетінің архетиптік белгісі. Оның үні халықтың тарихи жадын, дүниетанымын, мінезін, өмір салтын бейнелейді. Домбыра үні – ұлттың ішкі рухани энергиясы. Сондықтан домбыраны тек музыкалық аспап ретінде емес, ұлттық кодтың көрінісі ретінде қарастыру ғылыми тұрғыда маңызды.

1. Домбыраның тарихи-мәдени негіздері

Домбыра – көшпелі өркениеттің рухани айнасы. Қазақ қоғамында домбыра тек өнер құралы емес, ақпарат жеткізуші, тарихи оқиғаларды бейнелеуші құрал қызметін атқарған.

Күй өнері арқылы ел ішіндегі саяси-әлеуметтік жағдайлар, батырлардың ерлігі, халықтың мұң-зары бейнеленген. Мысалы, Құрманғазы Сағырбайұлы күйлерінде азаттық идеясы, еркіндік рухы айқын сезіледі. Ал Тәттімбет Қазанғапұлы шығармаларында лирикалық-философиялық тереңдік басым.

Домбыра – жазусыз тарихтың үндік шежіресі. Әр күй – белгілі бір тарихи кезеңнің көркем бейнесі.

2. Күй өнерінің философиялық мазмұны

Күй – сөзсіз философия. Онда адам мен табиғаттың, тұлға мен қоғамның, өткен мен бүгіннің байланысы көрініс табады.

Күйдің құрылымдық жүйесі:

кіріспе (толғаныс) ,
даму (оқиға желісі) ,
шарықтау (эмоциялық кульминация) ,
шешім (қорытынды) .

Бұл – көркем ойлаудың ерекше формасы. Күй тыңдау – эмоциялық қабылдау ғана емес, интеллектуалдық пайымдау үдерісі.

Домбыра үні адам жан дүниесіне әсер етіп, рухани тазару, ой елегінен өткізу мүмкіндігін береді. Сондықтан күй – ұлттық дүниетанымның көркем формасы.

3. Домбыра және ұлттық тәрбие

Ұлттық тәрбие тұлғаның тарихи жадымен, мәдени болмысымен тығыз байланысты. Домбыра арқылы бала:

тарихи сана қалыптастырады;
ұлттық мақтаныш сезімін сезінеді;
эстетикалық талғамын дамытады;
рухани құндылықтарды меңгереді.

Домбыра тарту үдерісі шыдамдылықты, жауапкершілікті, табандылықты талап етеді. Бұл қасиеттер тұлғаның мінез-құлқын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Музыкалық тәрбие – тұлғаның эмоциялық интеллектісін дамыту құралы. Домбыра үні оқушының ішкі әлемін байытады.

4. Білім беру жүйесіндегі интеграциялық мүмкіндіктер

Қазіргі білім беру жүйесінде құзыреттілік тәсіл басым. Осы тұрғыда домбыра өнерін пәнаралық байланыста қолдану тиімді нәтиже береді.

Әдебиет сабағында: күй аңыздарын талдау арқылы мәтіндік талдау дағдыларын дамыту.

Тарих сабағында: күйлердің тарихи контекстін зерттеу.

Музыка сабағында: орындаушылық шеберлікті қалыптастыру.

Жобалық жұмыстарда: ұлттық мұраларды зерттеу және цифрландыру.

Мұндай ықпалдастық оқушылардың сыни ойлауын, зерттеушілік дағдысын, шығармашылық қабілетін арттырады.

5. Домбыра – ұлттық бірегейліктің символы

Ұлттық бірегейлік – халықтың өзіндік болмысын сақтау көрсеткіші. Домбыра қазақ мәдениетінің символына айналды.

Домбыра үні:

тарихи жадыны жаңғыртады;

мәдени сабақтастықты сақтайды;

ұлттық тұтастықты нығайтады.

Қазіргі қоғамда мәдени қауіпсіздік мәселесі маңызды. Осы тұрғыда домбыра – рухани тұрақтылықтың негізі.

6. Зерттеу нәтижелері

Зерттеу барысында:

Домбыра этномәдени кодтың негізгі элементі екені анықталды.

Домбыра өнері ұлттық сана қалыптастыруда тиімді құрал екені дәлелденді.

Білім беру жүйесінде домбыраны интеграциялау тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететіні айқындалды.

Қорытынды

Домбыра үні – ұлт үні. Ол – тарихи жадтың, рухани тәрбиенің, мәдени тұтастықтың көрінісі. Домбыра – ұлттық рухтың символы.

Ұлттық құндылықтарды сақтау – болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Домбыра өнерін білім беру жүйесінде кеңінен қолдану ұлттық сананы нығайтуға ықпал етеді.

Домбыра бар жерде – рух бар.

Рух бар жерде – ел бар.

ЕСЖАНОВА ОРЫНГУЛЬ АБАЕВНА,

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімі» №14 «Нұрай» бөбекжай бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының тәрбиешісі, педагог – модератор

ТАПҚЫРЛАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін, тапқырлығын, зейінін және танымдық қызығушылығын дамыту арқылы білімдерін бекіту.

Міндеті: Балалардың ойлау, есте сақтау, салыстыру қабілеттерін дамыту. Сұрақтарға тез әрі дұрыс жауап беруге үйрету. Суреттермен байланыстырып сөйлеуге, әңгімелеуге, сөздік қорларын байыта отырып, сөйлеу мәдениетін дамыту. Ертегі мазмұнын айта білуге үйрету. Тапқырлыққа, алғырлыққа баулу. Ұжыммен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Ойын арқылы білімге деген қызығушылықтарын арттыру.

Білім беру дағдысы: Коммуникативтік дағды. Таным дағды. Шығармашылық дағды. Әлеуметтік эмоционалдық дағды. Физикалық дағды.

ҮІӨ: Көркем әдебиет. Тіл дамыту. Математика негіздері. Қоршаған орта. Дене тәрбиесі. Жапсыру. Сурет. Құрастыру

Тақырыбы: «Тапқырлар әлеміне саяхат»

Көрнекіліктер: сиқырлы таяқша; интерактивті тақта; суретті карточкалар; түрлі түсті асықтар; пішіндер; отбасы мүшелерінің суреттері; желім; күн қылқалам, май, ылғалды майлық; үлестірмелі материалдар (фетрден)

Әдіс - тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ жауап

ҮІӨ кезеңі:

Тәрбиеші: Балалар біз бүгін ерекше іс әрекет өтетін боламыз. Біз жыл бойы не үйрендік, не білдік соны еске түсіріп ортаға салып көрсетеміз.

Шаттық шеңбері:

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды күніміз,

Жарқырайды даламыз.

Біз бақытты баламыз,

Айтқан тілді аламыз.

Достарымды көргенде,

Амандасып аламыз.

Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы мына жерде құрастырмалы суреттер бар екен, соларды бірігіп құрастырайықшы, ненің суреттері шығады екен? Балалар: Жануарлар.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар иә! Ал балалар жануарлар нешеге бөлінеді?

Балалар: Екіге.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар балалар үй жануарлары және жабайы жануарлар болып екіге бөлінеді екен. Жабайы жануарлардың патшасы ол арыстан екен. Арыстан жыртқыш жануар. Балалар енді арыстанды тыңдайық.

Арыстанның үндеуі (ЖИ мен видео) :

Тәрбиеші: Балалар бізді арыстан тапқырлар әлеміне, көмекке шақырады Арыстанның тапқырлар әлемінде бәрі шатасып кетіпті, арыстан сиқырлы таяқшасымен түзетейін десе, сиқырлы таяқшасының сиқырлы күші жойылыпты. Сол себепті арыстан бізден көмек сұрайды. Балалар сиқырлы таяқшаның сиқырлы күші біз көптеген тапсырмаларды орындасақ қана қалпына келеді. Біз арыстанға көмектесеміз бе балалар?

Балалар: Иә.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар міне балалар арыстанның сиқырлы таяқшасы. Ал! Балалар біз тапқырлар еліне саяхатқа немен барамыз деп ойлайсыңдар?

Балалар: Көлікпен, пойызбен, ұшақпен т. б.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар біз көлікке отырмаймыз, бірақ пойыз дыбысы арқылы тапқырлар еліне саяхатқа барамыз. Міне балалар! Тапқырлар әлеміне саяхатқа да келіп жеттік. Балалар біз көптеген ойын тапсырмалар

орындау үшін топқа бөлініп алайық. Мен сендерге суретті карточкалар беремін, сендерге қандай сурет түсті, сол суреттер бойынша топтарыңа барып тұра қойыңдар. Топқа бөліну: суретті карточкалар арқылы балалар үш топқа бөлінеді: 1-топ: Құстар; 2-топ: Күн; 3-топ: Ағаш.

Тәрбиеші: Балалар тапсырмалар орындау үшін тақтаға назар аударайық.

1. Топтық тапсырма: «Ертегілер елінде» «Бауырсақ». «Үйшік». «Жеті лақ». «Қызыл телпек».

Балалар бұл қандай ертегі? Ертегілер атауын атап, сұрақтарға жауап береді.

Тәрбиеші: Топтармен жеке жұмыс. Бірінші топтан асық туралы сурау. Түстерін атау. Асықпен ойын.

«Асықты отау» ойыны:

Шарты: Түрлі - түсті асықтарды орналастырып, түстерімен сәйкестендіріп қояды. Бірінші қойған бала қоңырау басып, түсін атайды.

Екінші топтан пішіндер туралы сурап, пішіндермен ойын.

«Сикырлы пішіндер»

Шарты: Пішіндерді атайды, топтастырады. Қай пішінге не ұқсайтынын атап береді.

Үшінші топтан отбасы мүшелерін ата? Отбасы туралы ойын.

«Көлеңкесін тап»

Шарты Отбасы мүшелерін атап, көлеңкесін тауып орналастыру.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар кішкене бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Шығармашылық жұмыс:

1-топқа: «Құстарға ұя » пішіндерден (желіммен жұмыс)

2-топқа: «Күн тобына: Көктем құбылыстары сурет салу; Шар бейнесінің астында жасырынған суретті күнбағыс майына қылқаламды батыра отырып, сүйкей жағу арқылы бояйды.

3-топқа: Көктемгі бақ » безендіру; Үлестірмелі материалдармен (лепучкалы фетрмен) .

Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы арыстанның сикырлы таяқшасы күшіне енген сияқты, демек біз тапсырмалардың бәрін дұрыс орындағанбыз.

Арыстанның үндеуі (ЖИ видео) : міне балалар жарайсыңдар бізге арыстан риза болып рахмет айтты. Біз балабақшамызға оралайық. Бәріміз пойыз болып тізбектелейік, дыбысын тыңдай отырып жүреміз.

Қорытынды: Біз қайда бардық? Нелер туралы айттық? Неге көмектестік? Қандай тапсырмалар орындадық? т. б.

Мадақтау: Бүгінгі іс әрекетіне өте жақсы қатыстыңыздар барлығыңа рахмет.

МАСГУТОВА СУЛУ УРАЗБЕКОВНА,

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қалалық білім бөлімінің № 14 «Нұрай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Педагог-тағылымдамашы

«БАУЫРСАҚ» ЕРТЕГІСІ

Мақсаты: Балалардың ертегіге қызығушылығын ояту ойын еркін жеткізуге баулу, ертегі кейіпкерлерін рольдерге бөліп сахналау, қиялын шындау. Бауырсақ ертегісінің қойылымын көрсету арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру. Балаларды кішіпейілділікке, мейірімділікке өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелеу. Сөздерді анық айтуға үйрету және есте сақтау қабілетін дамыту.

Әдіс-тәсілдері: түсінік беру, сахналау, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: ертегі кейіпкерлер; шал, кемпір, бауырсақ, қоян, қасқыр, аю, түлкі, декорация

Шаттық шеңбері:

Сәлем, сәлем көк аспан

Сәлем, сәлем алтын күн

Сәлем, сәлем жер ана

Сәлем, сәлем достарым.

Балалар бүгін ерекше күн, бізге көптеген апайлар қонаққа келіпті, қонақтармен амандасайық.

-Сәлеметсіздерме

Тәрбиеші балалар өткен ертегілерімізді есімізге түсірейікші. Балалар біз қандай ертегілер білеміз.

-Бауырсақ, Үш аю, Шалқан.

-Жарайсындар балалар

Жасырынған суреттің жыртып, ішінен бауырсақтың суретін алады.

Бұл не балалар? .

-«Бауырсақ»

-Жарайсындар балалар.

Балалар бауырсақтың түсі, пішіні қандай?

-Ал балалар біз көзімізді жұмып,

ертегілер еліне саяхатқа шығайық.

1,2,3

Ертегілер еліне түс.

«Бауырсақ» ертегісін ташалаймыз балалар.

Автор: Ерте, ерте, ертеде,

Ешкі жүні бөртеде.

Сол бір ғажап өлкеде,

Автор: - Бір әже мен ата болыпты. Бірде ата әжеге:

Шал: - Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші

Кемпір: - Неден пісірейін? Ұн жоқ қой

Шал: - Әй, кемпірім-ай! Қойманың түбін қырнап көрсең ғой бауырсақтық ұн табылып қалар.

Кемпір: Жарайды.

Автор: Әжей қойма түбін қырып-қырнап екі уыс ұн табады да, қаймаққа шылап, қамыр илеп, бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытқалы қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан үйдің іргесіне домалап түседі, іргеден көгал үстіне домалайды, көгалдан жылжып жолға жетеді. Одан әрі жолмен зырлай жөнеледі. Бауырсақ жолда зымырап бара жатса, қарсы алдынан қоян шыға келеді.

Қоян: - Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

Бауырсақ: - Жоқ, сен мені жемеші, мен саған өлең айтып берем,

Мен атамнан да қаштым,

Мен апамнан да қаштым.

Сенен де қашып кетемін деп.

Автор: - Бауырсақ жалғыз аяқ жолмен келе жатса, оның алдынан қасқыр шыға келіп:

Қасқыр: - Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеймін

Бауырсақ: - Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін

Мен атамнан да қаштым,

Апамнан да қаштым.

Қояннан да қаштым

Қасқыр сенен де қашып кетемін-деп

Автор: - Бауырсақ орман ішімен домалап келе жатса оған аю шығады.

Аю: - Әй, бауырсақ! Мен сені жеймін.

Бауырсақ: - Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін.

Мен атамнан да қаштым,

Апамнан да қаштым.

Қояннан да қаштым,

Қасқырдан да қаштым.

Аю сенен де қашып кетемін-деп

Автор: - Осылай бауырсақ әрі қарай домалай жөнеледі. Алдынан түлкі шығады.

Түлкі: -Амансың ба, бауырсақ! Мен сені жеймін

Бауырсақ: Мені жемеші мен саған өлең айтып беремін.

Мен атамнан қаштым,

Апамнан да қаштым.

Қояннан да қаштым,

Қасқырдан да қаштым.

Аюдан да қаштым,

Түлкі: Бауырсақ мен сені жегім кеп тұр. Егерде менің тапсырмаларымды орындасаңдар, мен сені жемеймін.

Бауырсақ: -Балалар маған көмектесесіңдерме?

-иә, әрине көмектесеміз.

Балалар түлкінің тапсырмасы: -Бауырсақ орманда алдыңнан кезіккен аңдардың үйлерінде тапсырмалар берілген.

Сол тапсырмаларды дұрыс орындасаңдар мен бауырсақты жемеймін.

Қоян тапсырмасы: Ойын «Қоянды тамақтандыр».

Аю тапсырмасы: Ойын «Балықты түстеріне сай орналастыр»

Қасқыр тапсырмасы:

Дидактикалық ойын: «Бауырсақ ертегінің кейіпкерлерін рет ретімен орналастыр»

Түлкі: тапсырманы дұрыс орындадыңдар. Сені жемеймін. Үйіңе бар бауырсақ.

Автор: Тапсырма дұрыс орындалып, түлкі бауырсақты жемейді. Бауырсақ үйіне қайтады. Бауырсақтың келгеніне

ата мен әже қатты қуанады. Ертегі бұл ертегі, Ғажап сырлар шертеді деп ертегіміз соңына да жетіпті. Балалар енді

біз бақшамызға оралайық Орманды аралап шаршап қалдық Бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Қоян болып секірейік,

Аю болып терең тыныс алайық.

Қасқыр болып ырылдайық,

Түлкі болып бұлаңдайық.

Қорытындылау: - Балалар ертегі сендерге ұнады ма?

Балаларға сұрақ: Балалар, бауырсақ неден жасалады? (Ұннан)

Ұн неден алынады? (Бидайдан)

Бауырсақтың түсі қандай? (Сары)

Бауырсақтың пішіні қандай? (Домалақ, шеңбер)

Бауырсақты кім пісірді? (Апа)

- Ал, енді балалар, ертегідегі кейіпкерлерді еске түсіріп рет-ретімен айтып беріңдер.

Жарайсыңдар балалар. Қонақтармен қоштасайық.

Мадақтау. Сау болыңыздар.

МУКАШКАЛИЕВА АЙКУЛЯШ ШУРКАЕВНА,

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қалалық білім бөлімінің № 14 «Нұрай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының әдіскер-тәрбиешісі, педагог-модератор

БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДА «СИНКВЕЙН» ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Мақсаты: Балалармен жұмыста «Синквейн» құрастыруда педагогтардың кәсіби шеберлігін көтеру. Жаңа технологияларды насихаттау, тарату

Міндеттері:

- Педагогтарды синквейн технологиясымен таныстыру
- Педагогикалық тәжірибені күшейту
- Технологияны жүргізудегі ұсыныстармен таныстыру

Мастер класстың негізгі үш бөлімі:

1. Теориялық бөлім
2. Практикалық бөлім
3. Рефлексия. Қортынды.

Шараның ұзақтығы: 30 минут

Қажетті құралдар: ақ бетшелер, фломастерлер, қаламдар, маркер, ватман

Күтілетін нәтиже: Педагогтар Синквейн технологиясын балалармен жұмыста қолдана алады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту, сөйлеу қабілетін қалыптастыру қазіргі таңда өте өзекті тақырып және маңызды да қиын мәселе болып отырғаны баршамызға мәлім. Осы мәселені шешудегі талап- баланы мектепке дайындау және айналадағы қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсуге дайындау.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың дәстүрлі әдістемесінде негізгі әдіс тәсіл ретінде- сурет арқылы әңгімелеуді ұсынады. Бірақ, тәжірибеде балалар тәрбиешінің айтқанын өзгеріссіз қайталайды, әңгімелер мәнерлі құралдарсыз, сөздік құрам жоққа жақын, мәтінде сөйлемдер аз болады. Ең басты жетіспеушілік-бала әңгімені өзі құрастырмайды, тек тәрбиешіден естігенін қайталайды. Бір оқу қызметінде балалар бірнеше бірдей әңгімені тыңдайды. Әрине содан кейін балаларға қызық болмайды.

Қазіргі білім берудің талабы тәрбиешіден оқу іс әрекетін ұйымдастыруда мейлінше терең ойластырып, құруды талап етіп отыр және бұл жерде тәрбиешінің рөлі- бағыт көрсету және дамыту. Білім үрдісінің тиімділігін көтеруде іздену арқылы инновациялық технологияларды көбірек қолдану қажет. Инновациялық технологияның бірі Синквейн технологиясы.

Синквейн сөзі француз тілінен аударғанда «бес» деген мағынаны білдіреді, яғни «Синквейн» деп отырғанымыз бес жолдан тұратын тақпақ

1 жол- зат есім

2 жол- екі сын есім, бірінші жолдағы зат есімді сипаттайды

3 жол- үш етістік, зат есімнің іс әрекетін білдіреді.

4 жол- зат есімді сипаттайтын кез келген төрт сөз

5 жол- 1 сөз- зат есім. Айтылған мағынаның түіндемесі.

Синквейн- ұйқасы болмауы мүмкін, бірақ мағынасы бар тақпақ

Синквейн- мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудағы тиімді әдістердің бірі. Оның тиімділігі неде? Біріншіден ол-қарапайым. Синквейнді барлық адам құрастыра алады. Екіншіден, бала синквейнді құрастырғанда өзінің шығармашылық, тілдік, интеллектуалдық мүмкіншілігін ашады.

Синквейн ойын түріндегі тәсіл болып саналады. Синквейнді өткен тақырыпты бекіту ретінде алуға болады немесе берілген ақпаратты талдау ретінде де алуға болады. Мысалы: Жеміс

Тәтті, пайдалы Өседі, піседі, түседі

Алма, алмұрт, банан, жүзім Дәрумен

Мектеп жасына дейінгі балалармен синквейнді қолдану тәсілдері:

1. Дайын синквейннен қысқаша әңгіме құрастыру

2. Тыңдалған әңгіме немесе ертегі бойынша синквейн құрастыру

3. Дайын синквейнді түзету немесе жетілдіру. (толық емес синквейнді талдау және жетпей тұрған бөлшегін анықтау.

Мысалы: бірінші жолы жоқ, қалған жолдардағы сипаттама арқылы табу)

4. лексикалық тақырыпты бекіту

5. Синквейн құрастыруда жарыс ұйымдастыруға болады: «кім көп сөз ойлап табады»

6. Синквейн өзін өзі бағалаудың бірден бір құралы. (балалар синквейндерді салыстырады және бағалайды)

Балаларда сөздік қордың аздығынан сурет бойынша әңгімелеу, тақпақты жаттау қиындық тудырады. Сондықтан, баланың тілін дамытудағы педагогикалық іс әрекет үлкен күшті, күнделікті жұмысты талап етеді. Баланың танымдық дамуына және тілінің шығуына ықпал ететін қызықты жаңа технологияның бірі деп есептеймін. Бұл технологияның инновациялығы неде? : жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ете отырып, сыни тұрғыда ойлауға, сонымен қатар артығын алып, негізгісін айқындауға үйретеді.

Синквейн технологиясының өзектілігі мынадан көрінеді:

- Жаңа шығармашылық, интеллектуалдық мүмкіндіктері ашылады
- Сөздік қорлары молаяды

- Бала дамуына кешенді түрде әсер етеді (тілі дамиды, есте сақтау, ойлау, қабілеті)
- Өткен тақырыпты бекітеді
- Ойын әдісі болып табылады.
- Синквейнді қолдана отырып бірнеше міндетті шешуге болады:
- Лексикаға эмоцияны қоса отырып, материалдың есте қалуын қамтамасыз етеді.
- Ойлау қабілетті күшейтеді
- Белгілі бір нәрсеге өзінің көзқарасымен қарауға үйретеді
- Сөйлем туралы білімдерін бекітеді

Бұл технологияны барлық білім салаларында қолдануға болады, бірақ қолданған кезде балаларға таныс сөзді алу маңызды және міндетті түрде үлгі болуы шарт. Оқып білмейтін балалар үшін синквейннің алгоритмі шыршаға ұқсайды. Сөз таптарын әртүрлі түспен бояуға болады.

ЕШОВА ДИЛЯРА ХАСАНОВНА,

Учитель русского языка и литературы школы №93 имени В. Терешковой
город Шымкент Абайский район

ЧИТАЮЩАЯ НАЦИЯ

«Казахстан- страна, где слово Абая живет в веках...»

"Чтение — мост между традициями и будущим Казахстана".

Вызов времени: "В эпоху цифровизации Казахстан стремится остаться читающей нацией".

Проект реализуется в рамках концепции Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Кемелевича Токаева «Читающая нация», являющейся составной частью стратегии духовного обновления и интеллектуального развития страны

В 21 веке каждый может позволить себе книгу, которую можно прочитать даже в электронном варианте, так давайте же узнаем какие книги можно прочитать и какие читают для саморазвития.

«Книга – это великое чудо из всех чудес, сотворенных человеком»

А. М. Горький

«Слово Абая - оберег для казаха»

Н. А. Назарбаев. Елбасы Республики Казахстан.

"Библиотеки Казахстана — хранители истории и знаний. "

1. Казахская литература. «Слова назидания» Абая Кунанбаева

Особое место в творчестве Абая занимает "Кара сөз". Под этим наименованием объединены 45 "Слов" - небольших законченных фрагментов, выраженных в тщательно, художественно стилистически обработанной прозаической форме. Это и непосредственное обращение к читателю, откровенный разговор - собеседование, это и "ума холодных наблюдений и сердца горестных замет", это и философия жизни отдельного человека на фоне судеб народа.

Чтобы народ перестал быть толпой, нужны образованные люди, пекущиеся о народе, необходимо возникновение потребности в культуре и самообразовании. Все эти процессы потребуют целеустремленности, махом не перескочишь к высотам культуры.

2. Мировая литература. «Война и мир» Лев Толстой

История войны и мира, пронизанная множеством сюжетных линий, – это пронзительный, точный, панорамный и обстоятельный взгляд мудрого художника на вечные проблемы бытия. "Война и мир" – роман-эпопея Льва Николаевича Толстого.

Главная тема — историческая судьба русского народа в Отечественной войне 1812 года. В романе выведено более 550 персонажей, как вымышленных, так и исторических. Лучших своих героев Л. Н. Толстой изображает во всей их душевной сложности, в непрерывных поисках истины, в стремлении к самосовершенствованию. Таковы князь Андрей, граф Николай, граф Пьер, графиня Наташа и княжна Марья. Отрицательные герои лишены развития, динамики, движений души: Элен, Анатоль.

3. «Маленький принц» Антуан де Сент-Экзюпери. "На своем веку я много встречал разных серьезных людей. Я долго жил среди взрослых. Я видел их совсем близко. И от этого, признаться, не стал думать о них лучше".

Сказка рассказывает о Маленьком принце, который посещает различные планеты в космосе, включая Землю. Книга обращается к темам одиночества, дружбы, любви и утраты. Несмотря на стиль детской книги, её герой рассуждает о жизни и человеческой природе.

4. Жизнь замечательных людей. «Путь Абая» — роман-эпопея Мухтара Ауэзова

Главный герой романа — реальное историческое лицо, великий поэт, основоположник казахской письменной литературы, просветитель Абай Кунанбаев. В романе развернута панорама полной драматизма и противоречий народной жизни, быта и нравов кочевых и оседлых степняков конца XIX века, в полную силу показана широта и красота вольнолюбивой души казахского народа, его мечты о лучшем, его надежды и чаяния, его своеобразный духовный уклад, национальный характер.

5. Исторические романы: «Таис Афинская», Иван Ефремов

Удивительная гетера Таис обладала острым умом, как никто другой умела убеждать собеседников в своей правоте, имела весьма прогрессивные взгляды и тонкое чутьё. Царица амазонок сразу же разглядела в молодом Александре Македонском будущего великого завоевателя и правителя. Их судьбы плотно сплелись, и, куда бы жизнь не забрасывала полководца и Таис, они всё равно оказывались вместе. Ефремов рассказывает об одной из самых влиятельных женщин, а через неё раскрывает невиданную сторону Македонского.

6. Любобные романы Габриэль Гарсиа Маркес "Любовь во время чумы"

Главной героиней романа является Фермина Даса. Она отвергает предложение друга детства Флорентино Арисы, понимая, что их юношеская любовь была лишь наивным эпизодом в её жизни. В возрасте 21 года (последний срок, который она установила сама себе для замужества) она выходит замуж за Хувеналия Урбино. Урбино — врач, он поглощён наукой и идеями борьбы с холерой. Он очень рациональный человек, вся его жизнь чётко организована. Любовь Урбино противопоставляется любви Арисы, который преисполнен старомодного романтизма.

7. Поэма «Мцыри» М. Ю. Лермонтов Наиболее известным творением поэта стала его поэма «Мцыри», наполненная чистым идеализмом и романтизмом, который, хоть и утратил свою актуальность на сегодняшний день, всё равно не может не вызывать восхищения.

Свобода – основная тема поэмы. Независимость и стремление к ней провозглашаются Лермонтовым истинными человеческими ценностями. Только тот, кто стремится к свободе, может считаться настоящим человеком, который не зря проживает свою жизнь. Этот идеал возвышает душу.

8. Хомский Ноам «Создавая будущее»

“Книга «Создавая будущее» принадлежит перу одного из самых влиятельных мировых интеллектуалов, философу и ученому-лингвисту Ноаму Хомскому и представляет собой собрание авторских статей, опубликованных в американской периодике с 2007 по 2011 г. Наблюдательный, ироничный и бесстрастный публицист, Хомский освещает самые актуальные вопросы мировой политики. Будучи убежденным антиглобалистом и противником концепции однополярного мира, автор подвергает жесткой и последовательной критике политические и военные инициативы США в самых беспокойных регионах мира: Израиле и Палестине, Северной Корее, Сомали, Ираке и Иране, а главное — в его собственной стране. Этот сборник — результат не только размышлений Хомского, но и дискуссий, которые он непрерывно ведет со своими оппонентами на страницах печатных и интернет-изданий, в университетских аудиториях и на публичных площадках — отсюда их острота и убедительность”.

ПРОИЗВЕДЕНИЯ НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ, РЕКОМЕНДУЕМЫЕ ПЕДАГОГАМ ПО ПРОЕКТУ «ЧИТАЮЩАЯ НАЦИЯ»

1. Слова назидания - Абай Кунанбаев
2. Крик - Оралхан Бокеев
3. Конец легенды - Абиш Кекильбаев
4. Путешествие в детство - Бердибек Сокпакбаев
5. Наша семья - Бауыржан Момышулы
6. Тысяча сияющих солнц - Халед Хоссейни
7. Атомные привычки - Джеймс Клир
8. Как перестать беспокоиться и начать жить - Дейл Карнеги
9. Сердце отдаю детям - Василий Сухомлинский
10. 7 навыков высокоэффективных людей - Стивен Кови
11. Sapiens: краткая история человечества - Юваль Ной Харари
12. Финская система обучения: как устроены лучшие школы в мире - Тимоти Уокер
13. Возвращение учителя - Ануар Алимжанов
14. Классный учитель - Нина Джексон
15. Открытое письмо молодому человеку о науке жить - Андре Моруа

Что читают наш Президент и бизнесмены?

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев рассказал, какие книги прочел. Он заявил, что поддержал челлендж «Какую книгу читаете?», которую организовали казахстанские деятели культуры. И добавил, что чтение книг основа духовного роста.

«Принимаю эстафету от председателя Союза писателей РК Улыкбека Есдаулета. Предоставляю вам список книг, газет и журналов, которые я начал читать в эти дни», — написал глава государства.

- Жүсіп Баласағун — Құттыбилік.
- Абай Кунанбаев- Книга мудрости.
- Winston Churchill. The Second World War. Volume III. The Grand Alliance.
- Турсын Жұртбай — Кунанбай.
- Ерлан Сыдыков- Кунанбай.
- Адам Туз — Крах. Как десятилетие финансовых кризисов изменило мир.
- Алек Росс — Индустрии будущего. The Industries of the future.
- Кевин Келли — Неизбежно. 12 технологических трендов, которые определяют наше будущее.
- Parag Khanna. The Future is Asian.
- «Қазақәдебиеті», «Ана тілі», «Turkistan» және т. б. газеттер, «Жұлдыз» журналы.

В заключении, Касым-Жомарт Токаев передал эстафету всем казахстанцам и посоветовал молодым гражданам РК прочесть вышеперечисленные книги.

Молодежь должна развиваться по всем направлениям, своевременно изучая новейшую казахстанскую и зарубежную литературу по экономике, предпринимательству, политике и общественной сфере. При этом не забывая

и о классике - Абая, Толстого, Шекспира. "Лишь в этом случае читатель может раскрыть всю палитру произведения, невероятно обогатив свой внутренний мир и эрудицию".

Маргулан Калиевич Сейсембаев- казахстанский инвестор, путешественник, общественный деятель и бизнесмен, председатель Совета Директоров Инвестиционной группы «Сеймар». Акционер более 100 компаний, в том числе АО «Альянс Банк». Президент Федерации Шахмат Республики Казахстан. Меценат, филантроп.

Маргулан Калиевич прочитал 125 книг, такие как: «Стальная воля. Как закалить свой характер», «Лаборатория презентаций. Формула идеального выступления» Саймон Мортон, «Skininthe Game: Hidden Asymmetriesin Daily Life» Nassim Nicholas Taleb, «Principles: Lifeand Work Ray Dalio», «Сунь-цзы: искусство побеждать» Джеральд Майкельсон, Стивен Майкельсон и т. д;

сейчас читает 2 книги: «4048 законов жизни», «Окружи себя лучшими»;

хочет прочитать 127 книгу: «Страх. Почему мы неправильно оцениваем риски, живя в самое безопасное время в истории» Дэн Гарднер.

Что читает Марк Цукерберг?

«Чтение приносит интеллектуальное удовлетворение. Книжки позволяют полностью изучить какую-либо тему и погрузиться в нее полнее, чем большинство медиа».

Марк Цукерберг- основатель крупнейшей социальной сети Facebook читает по одной книге в неделю и с нетерпением ждет, когда чтение полностью заменит ему массмедиа. В библиотеке миллиардера соседствуют публицистика, научпоп, бизнес литература и фантастические романы. В интервью для новостного портала Business Insider Марк Цукерберг рассказал о книгах, которые произвели на него наибольшее впечатление.

Таким образом, данный проект «Читающая нация» представляет собой масштабную интеллектуально-просветительскую инициативу, направленную на формирование культуры регулярного чтения среди населения Республики Казахстан, развитие критического и аналитического мышления, а также популяризацию книги как источника знаний среди всех возрастных и социальных групп.

«Ruhani Jangyru» informational and analytical center» LLP

Format 60x84 1/8.

Printed sheet 4,3. Editorial sheet 3,36.

Print run: 1000 copies.